

Абай ауылындағы атауы жоқ көшелерге атау беру және көше атауын өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Абай ауылы әкімінің 2010 жылғы 13 қазандағы N 1300 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 қарашада N 14-11-153 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, Абай ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. А т а у с ы з к ө ш е л е р г е :

- 1) Абай ауылы Автостанция мөлтек ауданындағы атаусыз № 2 көшеге Нұрдәулет А қ ы ш е в ;
- 2) Абай ауылы Автостанция мөлтек ауданындағы атаусыз № 3 көшеге Нұрмаханбет Ж ұ м а т а е в ;
- 3) Абай ауылындағы орталық стадион маңындағы атаусыз көшеге Рымкүл Табылдиева атаулары берілсін.
2. Абай ауылындағы Киров көшесі Мырзалы Юсупов атауына өзгертілсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл әкімінің орынбасары Ш.Тұрсынбаевқа жүктелсін .
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Ауыл әкімі:

Р.Қармысов